

"Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 44 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 ақпанда № 6790 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 тіркелген, 2008 жылғы 30 мамырдағы № 81 (1481) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Б ұ й ы р ы қ т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшасында «аттестаттаудың» деген сөз «аттестаттау жүргізудің» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

осы бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі е р е ж е с і н д е :

а т а у ы н д а :

«аттестаттаудың» деген сөз «аттестаттау жүргізудің» деген сөзбен ауыстырылсын.

1 - т а р м а қ т а :

«ережесі» деген сөз «үлгі ережесі» деген сөзбен ауыстырылсын.

б ү к і л м ә т і н б о й ы н ш а :

«департаменттері», «департаменттерінің», «департаментімен» деген сөздер «басқармалары», «басқармаларының», «басқармаларымен» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада «.» белгісі «;» белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) экстерн - денсаулығына байланысты жалпы білім беру ұйымдарында оқуға мүмкіндігі жоқ және шетелде уақытша тұратын, сондай-ақ жалпы орта білім беру ұйымдарында оқуын уақытылы аяқтамаған тұлғалар.»;

13 - тармақта :

екінші сөйлем алынып тасталсын;

36 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай мазмұнда жариялансын:

«Білім беру ұйымдарында :

облыстардың, астана, республикалық маңызы бар қалалардың базасындағы
ҰБТӨП-терде мемлекеттік комиссияның төрағасы болып жоғары оқу орындарының
немесе облыстардың, астана, республикалық маңызы бар қалалардың білім
басқармасының басшылары тағайындалады;

аудан орталықтарында орналасқан ҰБТӨП-терде мемлекеттік комиссияның
төрағасы болып аудан (қала) әкімдерінің орынбасарлары немесе аудандық (қалалық)
білім бөлімдерінің меңгерушілері тағайындалады»;

37 - тармақта :

1) тармақша алынып тасталсын.

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) ҰБТ-ны өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды, сондай-ақ мектеп
бітірушілерді тестілеуге жіберу кезінде металл іздегішті және тестілеу кезінде ұялы
байланыс телефондарының сигналдарын басатын құрылғыларды пайдалануды
ұйымдастырады.» ;

46 - тармақ алынып тасталсын;

47 - тармақта :

«ұтқыр байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар)» деген сөздер «байланыс
құралдары» деген сөзбен алмастырылсын;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Бітіруші осы Ереженің 47-тармағын бұзған жағдайда Министрлік өкілі осы
Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысанда ҰБТ-да қолдануға тыйым салынған заттарды
алып қою және үстінен түсу туралы актісін жасайды, оның тест нәтижелерін жою және
мектеп бітірушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдайды.»;

52 - тармақта :

«жауап бланкісін» деген сөздер «жауап парағының көшірмесін» деген сөздермен
ауыстырылсын ;

56 - тармақта :

«тәулік бойы» деген сөздер «бір күн бойы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Нұсқаулыққа сәйкес» деген сөздер алынып тасталсын;

57-тармақта «ол жоқ болған жағдайда төрағаның орынбасары» деген сөздер алынып
тасталсын ;

60 - тармақ алынып тасталсын;

61 - тармақта :

екінші бөлік алынып тасталсын;

74-тармақта «емтихан хаттамасына» деген сөз «осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес Жалпы орта білім берудің негізгі орта, жоғары орта деңгейіндегі емтихан және қорытынды бағалардың хаттамасына (бұдан әрі - Хаттама)» деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 7-бөліммен толықтырылсын:

«7. Жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстерндерді аттестаттау».

87. Жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту (бұдан әрі – экстернат нысанында оқыту) оқушылардың негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын өз бетінше меңгеруін, сондай-ақ шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары үшін қашықтан оқытуды қарастырады.

88. Экстернат нысанында оқыту кезінде аттестаттауды және қорытынды аттестаттауды жүргізу осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

89. Экстернге қорытынды аттестаттауға рұқсат беру туралы шешім білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қабылданады.

90. Аттестаттаудан өту үшін өтінішті, ол басталғанға дейін 3 айдан кешіктірмей беруге болады. Тұлғаны экстернат нысанында аттестаттауға жіберу туралы білім беру ұйымының бұйрығы оқу жылының аяғында шығарылады.

91. Экстерндер орта мектеп курсы үшін жалпы орта білімі туралы аттестатта көрсетілген пәндер тізбесі бойынша аттестатталады.

Дене тәрбиесі, еңбекке баулу, алғашқы әскери дайындық бойынша аттестаттау өткізілмейді, ал білімі туралы құжатта «оқылған жоқ» деген жазу жазылады.

92. Экстерндерді аттестаттау нәтижесі хаттамаға «экстернат» деген белгімен түсіріледі .

93. Оқушылардың халықаралық алмасу желісінде шетелде оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11(12) сыныпты бітірушілер, міндетті түрде Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 11 (12)-сынып үшін қорытынды емтиханнан өту қажет. Шетелде оқыған пәндерден алған бағаларын есепке ала отырып, алдыңғы сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағалары негізінде және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін оларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі . » ;

Ереженің 2 және 3-қосымшалары осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын .

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Б.С. Кәрімжанов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2011

жылғы

10

ақпандағы

№

44

бұйрығына

1 - қосымша

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне 2-қосымша

Нысан

Аудиторияда тәртіп сақтау ережесін бұзған мектеп бітірушіні аудиториядан шығару және тыйым салынған заттың тәркіленуі туралы АКТ

(ҰБТӨП атауы)

«__» _____ 201__ ж. _____ сағ. _____ мин.

Министрлік

өкілі

(аты-жөні)

Аудитория

кезекшісі

(аты-жөні)

Тестілеу уақытында мектеп бітірушіден: Аты-жөні _____, ТЖК _____, аудитория № _____, орын № _____, нұсқа № _____

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесінің 47-тармағының және Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығының 125-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

(ұялы телефонның маркасы, саны және мәліметтері бар шпаргалка және т.б.)

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

- Емтихан материалдарын алу;
- Бітірушіні: Аты-жөні _____, ТЖК _____ № _____ аудиториядан шығару және емтихан материалдарын жою.

Осы дәлелді ескере отырып, бітірушіден табылған заттар мен оның емтихан материалдары алынды және өзі аудиториядан шығарылды.

(осы актіні құрған тұлғалардың аты-жөні және қолдары)

а к т п е н

т а н ы с т ы м :

(мектеп бітірушінің аты-жөні және қолы)

а к т п е н

т а н ы с т ы м :

(ҰБТӨП жетекшісінің аты-жөні және қолы)

Мерзімі: _____

М . . О . .

(ҰБТӨП мөрі)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ым м и н и с т р і н і н

2 0 1 1 ж ы л ғы 1 0 а қ п а н д а ғы

№ 44 бұйрығына 2-қосымша

« Б а с т а у ы ш , н е г і з г і о р т а ,

ж а л п ы о р т а б і л і м н і ң б і л і м

б е р е т і н о қ у б а ғ д а р л а м а л а р ы н

і с к е а с ы р а т ы н б і л і м б е р у

ұ й ы м д а р ы н д а ғы б і л і м

а л у ш ы л а р д ы ң ү л г е р і м і н е

а ғ ы м д ы қ б а қ ы л а у д ы ң , о л а р д ы

а р а л ы қ ж әне қ о р ы т ы н д ы

аттестаттау
ережесіне 3-қосымша
Нысан

жүргізудің

үлгі

ЕМТИХАН ҚҰЖАТТАМАСЫ

Жалпы орта білім берудің негізгі орта, жоғарғы орта деңгейіндегі емтихан және қорытынды бағалардың ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы _____ облысының _____
қаласының (селосының) _____ ауданының _____ № _____ мектебі _____
сыныбы _____ пәнінен _____

Емтихан комиссиясы төрағасының Т.А.Ә. _____

Емтихан алушының Т.А.Ә. _____

Ассистенттердің Т.А.Ә. _____

Білім басқармасы жіберген емтиханға арналған материалдары бар пакет _____ сағ _____
_____ м и н . _____ а ш ы л д ы .

Онда емтихан жүргізу үшін қажетті мынадай материалдар бар (пакет ішіндегі материалдар хаттамаға қоса тігіледі).

Емтиханға _____ оқушы қатысты.

(келмей қалған оқушының тегі және аты)

Емтихан _____ сағат _____ минутта _____ басталды.

Емтихан _____ сағат _____ минутта аяқталды.

5-8-сынып оқушыларының көшіру емтихандарында осы хаттаманы қолданады.

№ р/с	Емтихан тапсырушының тегі, аты, әкесінің аты	Жазбаша жұмыстың тақырыбы және нұсқасы, билет № _____	Емтихан бағасы (жазумен)	Жылдық бағасы (жазумен)	Қорытынды бағасы (жазумен)
1	2	3	4	5	6

Комиссия мүшелерінің жеке оқушылардың жауаптарын бағалау туралы ерекше пікірлері _____

Емтихан өткізу күні 201 ____ ж. « ____ » _____

Бағаларды хаттамаға жазу күні 201 ____ ж. « ____ » _____

Емтихан комиссиясының төрағасы

Емтихан алушы мұғалім

Ассистенттер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК